

05 – 08 мамыр, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың параметрлерін [өзгертті](#).
- KASE ресми тізіміне "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-тың [KZ2C00013878](#) (BTRKb21), "Qazaqstan Investment Corporation" АҚ-тың [KZ2C00014058](#) (KACMpp1) облигациялары, "ҚазАгроҚаржы" АҚ-тың [облигацияларының](#) төрт шығарылымы, "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-тың [XS3067899610](#), [US05709VAA26](#) (BTPKe1) халықаралық облигациялары және Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS3059487721](#) (EBRDe29) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797NE36](#) (US156_2505) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "Мого Қазақстан (Мого Қазақстан)" ЖШС-ның [KZ2P00013295](#) (MFMOb15) және "Toyota Financial Services Kazakhstan" МҚҰ" ЖШС-ның [KZ2P00013782](#) (MFTFb5) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ-қа "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-тың үш шығарылымдағы облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі берілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 31,3 млн MEYKAM [KZKD00001210](#) (MUM072_0014), 60,0 млн MEYKAM [KZKD00001285](#) (MUM084_0020), 50,0 млн MEYKAM [KZKD00001277](#) (MUM108_0015), 69,5 млн MEYKAM [KZKD00000543](#) (MUM192_0002) және 80,0 млн MEYKAM [KZKD00001079](#) (MUM216_0002) орналастырды.
- "РЕСПУБЛИКА" ҚАРЖЫ ХОЛДИНГІ" АҚ 1,1 млрд теңге сомасына өзінің 75 010 KZ1C00015171 (FHRP) жай акциясын [сатып алды](#).
- "Қазақстан даму банкі" АҚ KZ2C00010106 (BRKZb35) облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KZ2C00013878 (BTRKb21) бесжылдық облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012045 (KFUSb78) облигацияларын орналастырып, 2,4 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012409 (KFUSb92) облигацияларын орналастырып, 4,7 млрд теңге [тартты](#).
- Еуропалық қайта құру және даму банкі XS3059487721 (EBRDe29) үшжылдық халықаралық облигацияларын орналастырып, жазылу арқылы 15,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Аңдатпа: 20 мамыра "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-тың 2025 жылдың алғашқы тоқсанындағы қаржылық нәтижесін жариялау жөнінен конференция [өтеді](#).
- "Эйр Астана" АҚ 05 мамырда меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты [ұсынды](#).
- "ForteLeasing" АҚ (ФортеЛизинг) Компанияның рейтингілік бағаларын Fitch Ratings рейтинг компаниясының растағанын [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "KEGOC" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің компанияның рейтингілік бағаларын растағанын [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ халықаралық және жергілікті нарықтарда АҚШ долларындағы еурооблигациялардың дебюттік шығарылымын сәтті [орналастырды](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ Fitch Ratings және Moody's Ratings рейтинг агенттіктерінің XS3067899610, US05709VAA26 еурооблигацияларына рейтинг бағаларын бергенін [хабарлады](#).
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 2024 жыл үшін жай акциялар бойынша дивиденд [төледі](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбырлары арқылы қазақстандық мұнайды ішкі нарыққа тасымалдау қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекіткені туралы [хабарлады](#).

08.05.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 712,94	1,3	3,5
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "Казхтөлем"	56 499,99	11,9	16,6
Freedom Holding Corp.	147,51	7,3	28,3
Advanced Micro Devices, Inc.	103,33	5,7	24,8
NVIDIA Corp.	117,20	5,0	24,7
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	18 498,00	4,9	6,6
АО Kaspi.kz	48 700,00	4,2	10,9
PayPal Holdings Inc.	69,10	4,1	17,2
АО "КазТрансОйл"	854,90	3,1	6,9
АО "Эйр Астана"	737,00	2,1	2,6
Bank of America Corporation	41,51	2,0	17,6
АО "Кселл"	3 365,80	1,3	1,3
AT&T Inc.	27,99	1,3	4,8
Intel Corporation	20,90	1,3	3,6
АО "KM GOLD"	70,05	1,1	- 2,7
Microsoft Corporation	438,70	1,1	24,3
Apple Inc.	207,84	0,9	16,5
АО "KEGOC"	1 489,10	0,4	1,3
АО "ForteBank"	7,10	- 0,4	- 5,3
Tesla, Inc.	280,01	- 0,7	15,2
АО "Народный Банк Казахстана"	288,20	- 0,9	- 0,1
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 828,00	- 1,6	- 0,6
АО "Банк ЦентрКредит"	2 850,00	- 1,7	5,6
Pfizer Inc.	23,18	- 4,6	3,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Жергілікті нарықта KASE индексі өткен аптадағы ысырапты қалпына келтірді. KASE индексі 5 712 тармаққа дейін 1,3% көтерілді.

"ҚазТрансОйл" Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлары арқылы қазақстандық мұнайды ішкі нарыққа тасымалдау қызметінің тарифін және тарифтік сметасын бекітті. Апта соңында компания акцияларының бағасы 3,1% қымбаттады.

Эйр Астана 14 266 АҚШ долларына өзінің жай акцияларын және жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алды. Акцияларды сатып алудың орташа алынған бағасы – 727,84 теңге, ЖДҚ сатып алудың орташа алынған бағасы – 5,79 АҚШ доллары. Ұлттық әуетасымалдаушы акцияларының бағасы бір аптада 2,1% қымбаттады.


S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі KEGOC рейтингін "B/B" деңгейінде растады, болжам "Тұрақты".

"ҚазМұнайГаз" Директорлар кеңесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша акционерлерге 300 млрд теңге көлемінде дивиденд бөлуді ұсынды. Осыған қарамастан акция бағасы бір аптада 1,6% арзандады.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ақша нарығында TONIA біркүндік репосын тарту мөлшерлемесі көтеріліп, аптаның қорындысы бойынша жылдық 15,81% болды. АҚШ долларындағы біркүндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір аптада жылдық 12,50%-ға дейін артты.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Сәуір айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,6% әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 512,48 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 243 млн АҚШ долларынан 246 млн АҚШ долларына дейін артты. Жалпы сауда көлемі 5,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Сәуірде Ұлттық қордан валюта сату 968 миллион АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18%-ын немесе күніне шамамен 44 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша сәуір айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 950-1050 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп күтілуде.

Айналау операциялары аясында сәуір айында 213 млрд теңге зарарсыздандырылды. Мамыр айында осы мақсатта 213 млрд теңгеге балама валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк наурызда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 308 млн АҚШ долларын құрады.


Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында сәуірде биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, олардың жалпы сомасы 250 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 5%-ын құрады.

Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	5 663,94	-0,4	13,7	9,2	1,1
 Dow Jones	41 368,45	0,1	9,9	5,9	1,5
 PTC	1 110,68	1,3	9,7	-5,6	
 MMBБ	2 850,93	0,5	3,8	-16,9	
 Hang Seng	22 775,92	1,2	13,2	24,4	3,0
 SS CSI 300	3 852,90	2,2	5,5	6,1	2,5
 Euro Stoxx 50	5 288,94	0,1	10,8	5,0	3,1
 FTSEuroFirst	5 782,00	0,0	10,0	5,0	1,6
 FTSE 100	8 531,61	-0,8	7,9	2,1	0,5
 KASE	5 712,94	1,3	3,5	12,8	

Шикізат нарығы

08.05.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	62,84	2,5	0,0	-24,8
Мұнай (WTI)	59,91	2,8	0,6	-24,2
Табиғи газ	3,59	-1,0	3,7	64,2
Мыс	456,10	-1,4	10,1	0,0
Темір	765,00	0,5	0,9	-14,1
Алтын	3 310,44	2,2	11,0	43,4
Күміс	32,38	1,2	9,1	18,3
Астық	513,00	-2,6	-5,0	-16,7

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
12.05 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (сәуір)</u>	USD	2,4%	2,4%
14.05 <u>Германиядағы тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ай/ай) (сәуір)</u>	EUR	0,4%	0,3%
15.05 <u>ЖІӨ (тоқсан/тоқсан) (1-тоқсан)</u>	GBP		1,50%
15.05 <u>Өндірушілер бағаларының индексі (PPI) (ай/ай) (сәуір)</u>	USD	0,2%	-0,4%
15.05 <u>ФРЖ төрағасы Пауэлл мырзаның сөзі</u>	USD		
16.05 <u>ЖІӨ (тоқ/тоқ) (1-тоқсан)</u>	JPY	-0,1%	0,6%
16.05 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (сәуір)</u>	RUB		10,3%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,7%	01.07.25	9,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	50,1	01.04.25	47,9
Ақша базасы, млрд KZT	13 787,2	01.04.25	13 662,6
Ақша масса, млрд KZT	44 753,0	01.04.25	44 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
	Вaa1/тұрақты	09.09.24	Вaa2/позитивті
	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдаулардың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.